

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 наурызда N 716 тіркелген "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптамалау туралы ережелер мен Дәрігерлік куәландыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы 24 желтоқсандағы N 470 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2727. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 27 шілдедегі N 325 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.07.27 N 325 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы және медициналық куәландыруды жетілдіру мақсатында Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 наурызда N 716 тіркелген "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптамалау туралы ережелер мен Дәрігерлік куәландыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1998 жылғы N 470 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде әскери-дәрігерлік сараптамалау туралы ережеде:

2 - б ө л і м д е :

1 2 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"байланыс құралдарымен," деген сөздерден кейін "полиграфпен, қазіргі заманғы" деген сөздермен толықтырылсын, "техникамен" деген сөздерден кейін ", инструментариймен, дәрі-дәрмектермен" деген сөздермен толықтырылсын, " Медициналық бас басқармасы, медициналық басқармалары, медициналық бөлімдері, медициналық қызметтері" деген сөздер алынып тасталсын;

1 - т а р а у д а :

17, 18 - т а р м а қ т а р д а :

"мекемелермен" деген сөз "бөлімшелермен" деген сөзбен ауыстырылсын;

20 - т а р м а қ т а :

"жеке құрамын" деген сөздер "қызметкерлерін" деген сөзбен ауыстырылсын;

22 - т а р м а қ т а :

"ОӘДК-нің бастығы" деген сөзден кейін "әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын, "медициналық" деген сөзден кейінгі "бас" деген сөз алынып тасталсын;

24, 26, 37 - т а р м а қ т а р д а :

"орган" деген сөз "бөлімше" деген сөзбен ауыстырылсын;

25-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысымен келіспеген жағдайда азаматтардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сотқа шағым жасауға құқығы бар";

27 - т а р м а қ т а :

"Медициналық" деген сөзден кейінгі "бас" деген сөз алынып тасталсын; "Кадр және тәрбие жұмысы департаментімен" деген сөздер "Тәрбие және кадр жұмысы департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

28 - т а р м а қ т а :

6-тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің және басқа да күш қолдану құрылымдарының оқу орындарына, әскери-оқу орындарына түсетін Астана қаласында тұратын адамдарды медициналық куәландыруға";

39 - т а р м а қ т а :

"ОӘДК-нің бастығы" деген сөзден кейін "әскери-дәрігерлік сараптама мәселелерін қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

41-тармақта "мекеме" деген сөз "бөлімше" деген сөзбен ауыстырылсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде медициналық куәландыру туралы Ережеде:

1 - т а р а у :

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің I-IV графаларына жатқызылған, қатардағы және басшы құрам лауазымындағы адамдар кемінде үш жылда бір рет куәландырылады"

10 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"несептің жалпы (толық) анализі" деген сөздерден кейін "1-тарау 4-

тармағының 1, 2, 3-тармақшаларында көзделген адамдар санаттары үшін адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышына (бұдан әрі - АҚТҚ) арналған қан анализінің көрсеткіштері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"ӘДК" деген сөзден кейін "жетекші мамандықтардың сарапшы-дәрігерлері медициналық куәландыру жүргізгеннен кейін" деген сөздермен толықтырылсын;

1) т а р м а қ ш а д а :

ж е т і н ш і а б з а ц т а :

"ана тіліндегі" деген сөздер "мемлекеттік немесе ресми тілдердегі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сұрау салған жерге, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлер бөлімшелерінің кадр аппараттарына, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындарына үміткердің толық психологиялық мінездемесі бар нақты қорытынды және оның нақты қызмет түріне кәсіби жарамдылығы туралы мынадай шешімдердің бірі тапсырылады:

ұсынылады (ықтимал лауазым талаптарына толық немесе негізінен сәйкес);

шартты түрде ұсынылады (ықтимал лауазым талаптарына ең төменгі деңгейде с ә й к е с) ;

ұсынылмайды (ықтимал лауазым талаптарына сай емес)".

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) функционалдық диагностиканың сарапшы-дәрігері мыналарға: арнайы автокөлік жүргізушісі лауазымына орналасушы адамдарға;

жедел қызметке орналасушы адамдарға;

Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің II графасы бойынша куәландырылатын адамдарға психофизиологиялық тексеру жүргізеді.

Көңіл аударудың, есте сақтаудың, эмоционалды тұрақтылықтың функционалдық диагностикасының нәтижелері, ал мүмкін болғанда - орталық нерв жүйесінің, кардиореспираторлық және вестибулярлық аппараттың функционалдық жағдайының басқа да ерекшеліктері кадр аппаратына арналған психологиялық мінездемелерде көрсетілуі тиіс";

3) т а р м а қ ш а д а :

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Психологиялық мінездемелерде қызметке (оқуға) орналасудың негіздері, парасат деңгейі мен ерекшелігі, өзіне баға беру, коммуникативтік қасиеттер, эмоционалдық-еріктілік қасиеттер, жеке басының бағыттылығы (әлеуметтік және мінез-құлықтық бағдарлар), басқа да жеке қасиеттері (интердербестік

қарым-қатынастар жүйесі, әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлық реакциялары) міндетті түрде жазылады";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Ішкі істер органдары бөлімшелерінің кадр аппараттарына, Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің оқу орындарына арналған қорытындылар қызметке, оқуға орналасатын адамдарға, ішкі істер органдарындағы қызметке немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің оқу орындарына түсуге жарамды деп табылған қатардағы және басшы құрам адамдарына толтырылады. Қорытындылар ұсыныс сипатында болады, оларда үміткердің толық психологиялық мінездемесі және оның қызметтің нақты түріне кәсіби жарамдылығы туралы мынадай шешімдердің бірі болуы тиіс:

"Ұсынылады" деген шешім қызметтің немесе оқудың табыстылығы және мінез-құлықтың (нормативтік емес) немесе кәсіби аурулардың дамуына кері әсер етудің төменгі мүмкіндігі болжалатын адамдарға, не болмаса бейімделу аяқталғаннан кейін кәсіби қызметі мүмкіндігінше тиімді және сенімді ретінде болжалатын адамдарға қатысты шығарылады. Олардың жедел-қызметтік жұмысының тиімділігі мен сенімділігі негізінде іс жүзіндегі кәсіби даярлық деңгейімен немесе тұрақты кәсіби дағдыларды меңгеруімен айқындалады. Үміткерлердің бұл санаты үшін тұрақты кәсіби дағдыларды меңгеру шұғыл жағдайларға бейімделудің бұзылуы немесе мінез-құлықтың ауытқуы профилактикасының маңызды сәті болып табылады.

"Шартты түрде ұсынылады" деген шешім жеке бас ерекшеліктері ықтимал лауазымдағы қызметтің немесе тіпті сапалы кәсіби даярлық кезіндегі оқудың табыстылығын сенімді болжауға мүмкіндік бермейтін адамдар үшін шығарылады. Ішкі істер органдарындағы қызметке жоғары дәйектеме болған кезде осындай үміткерлердің тиімді қызметі ұзақ кезең көлемінде, ұдайы шамадан тыс жүктемеден функционалдық резервтердің тез төмендеуіне орай мүмкін емес. Олардың бейімделуінің бұзылуы, аурушаңдық жағдайлары немесе мінез-құлықтың ауытқуы тек күйзелу жағдайларында ғана емес сонымен қатар қарапайым оқиғаларда байқалуы мүмкін. Олар тұқым қуалау факторлары, даму мен тәрбиелену жағдайлары, жеке бас және функционалдық ерекшеліктері қызметтік жұмыстың және кәсіби даярлықтың тиімділігі мен сенімділігінің төмендеуіне (бұдан әрі - "кәтерлі топ") әкеліп соғатын нервтік-психикалық және психосоматикалық аурулардың, асоциалдық (делинквенттік) мінез-құлықтың, аутоагрессияның дамуына ықпал ететін бейімсіздік жағдайы туындауының жоғары мүмкіндігін анықтайтын адамдар санатына жатады. Ішкі істер органдары оларды қызметке қабылдаған жағдайда бұл қызметкерлер бөлімшелерінің психологтары тарапынан белсенді бақылауды талап етеді.

"Ұсынылмайды" деген шешім аурулар дамуының мүмкіндігі жоғары

болуынан бейімсіздік белгілері, қызметке немесе оқуға қанағатсыз дәйектемесі, теріс жеке бас ерекшеліктері, мінез-құлқының кері әлеуметтік нысандарына бейімділігі бар үміткерлерге қатысты шығарылады. Бұл үміткерлерде бейімсіздік жағдайы қарапайым оқиғаларда дамуы мүмкін. Олар сондай-ақ "қатерлі топқа" жатқызылады. Осы санатқа кәсіби маңызы бар психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерінің деңгейі төмен, кәсіби қызметінің сәтсіз болжамына байланысты функционалдық жүйелерінің резервтері төмен адамдар ж а т а д ы " .

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Психофизиологиялық зертхананың (бұдан әрі - ПФЗ) бастығы, функционалдық диагностика сарапшы-дәрігері, аға сарапшы-психолог және сарапшы-психолог психология бойынша даярлықтан өткен жоғары психологиялық немесе медициналық білімі бар сарапшы-мамандар болып табылады. ПФЗ сарапшы-мамандарының біліктілік санаттарын (психологиялық топтар) Қазақстан Республикасының Ішкісмині Медициналық басқармасының (бұдан әрі - МБ) аттестациялық комиссиясы бекітеді";

2 - т а р а у д а :

14-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қызметке, оқу орындарына түсуге жарамсыз деп танылған азаматтардың өтініштері бойынша анықтамалары, егу картасы (N 63 нысан) және басқа да медициналық құжаттары белгіленген тәртіппен олардың өздеріне қайтарылады";

4 - т а р а у д а :

4 5 - т а р м а қ т а :

бесінші және алтыншы абзацтар алынып тасталсын;

5 4 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"дәл осы мерзімде алдын ала куәландыру өткізген ӘДК-на" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Ішкісминінің ОӘДК-на" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р а у д а :

7 2 - т а р м а қ т а :

"куәландырылушының барлық медициналық құжаттарымен" деген сөздерден кейін "медициналық картамен, медициналық картаның үзінді көшірмесімен, кезекті медициналық тексерулердің және кемінде соңғы үш жыл ішінде медициналық көмек сұраған өтініштердің деректерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

7 4 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"тиісті өзгертулердің" деген сөздерден кейін "функционалдық сақталуы кезінде және анықталған ауру кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

8 - т а р а у д а :

1 0 2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "_____ ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

1 0 - т а р а у д а :

140-тармақ алынып тасталсын;

1 3 - т а р а у д а :

1 7 9 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) оқу орнының, әскери-оқу орнының сырттай оқу түріне, адъюнктураға, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Академиясының N 1 факультетіне және азаматтық оқу орындарының арнаулы факультеттеріне түсетін қатардағы және басшы құрам адамдарына, әскери қызметшілерге";

1 7 9 - т а р м а қ т а :

о н ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"1-тармағына" деген сөздерден кейін "және қызметкердің қызмет куәлігіндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

1 8 4 - т а р м а қ т а :

о н а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"мерзім ішінде ресімделеді" деген сөздерден кейін "және алты ай ішінде жарамды" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережелерге 1-қосымшада (медициналық куәландыру кезіндегі зерттеу әдістері):

5 - т а р а у д а :

жиырма үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке бастың ерекшеліктерін айқындауға бағытталған жеке басты жан-жақты зерттеу (бұдан әрі - ЖБЖЗ) немесе жеке басты стандартты зерттеудің көп факторлы әдісі (бұдан әрі - ЖБСЗ)";

жиырма төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"куәландырылушының интеллектуалдық өнімділігін анықтауға мүмкіндік беретін Равеннің "Прогрессивтік матрицалар" тесті немесе Қысқаша бағдарлық тесті (бұдан әрі - ҚБТ)";

жиырма бесінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Өңгімелесу барысында психологиялық тексеру хаттамасында өмірін психологиялық анамнезінің ерекшеліктері, топтық тексерудің нақтыланған деректері және қосымша зерттеу әдістерінің нәтижелері жазылады, тексерілушінің эмоционалдық және мінез-құлықтық реакцияларын қадағалау

жазылады. Сондай-ақ психологиялық ерекшеліктердің топтық тексеру деректеріне сәйкестік дәрежесі және қосымша әдістер мен әдістемелерді қолданғаннан кейінгі топтық және жеке тексеру деректерінің сәйкес келмеу себептері көрсетіледі";

жиырма жетінші абзацта:

"Өткізілген психодиагностикалық тексеріс жөніндегі қорытынды" деген сөздерден кейін "Уэлш бойынша ЖБЖЗ-ның профилін кодтауды, ден қоюдың негізгі түрін, ЖБЖЗ профилінің түрін, Люшер тестінде түстік таңдауларды функционалдық жұптарға бөлуді және т.б. қоса алғанда жалпыға бірдей қабылданған белгілерде пайдаланылатын әдістемелер нәтижелерінің қысқаша интегралдық мінездемесімен белгіленеді, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын; "сипаттауы және" деген сөздерден кейін "психологиялық жағдайдың біліктілігін, эмоционалдық-жеке бас ұстамдылығын, ал олар бар болған жағдайда - әлеуметтік-психологиялық бейімділікті қиындататын ерекшеліктерді немесе психологиялық бейімсіздік нұсқасын қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма тоғызыншы және отызыншы абзацтар мынадай мазмұндағы абзацпен ауыстырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің оқу орындарына түсетін адамдарға белгіленген нысан бойынша (Ережеге 20-қосымша (осы бұйрыққа қосымша) психологиялық тексерулердің нәтижелері бойынша қорытынды ресімделеді; көрсетілген Ережеге 2-қосымшада (аурулар мен ағза кемшіліктерінің кестесі):

1 - т а р а у д а :

3 - т а р м а қ т а :

б) т а р м а қ ш а д а :

"ақпараттық және есептеу орталықтарының қызметкерлері" деген сөздер "ақпараттық технологиялар саласындағы ақпараттық және техникалық бөлімшелердің қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р а у д а :

1 - б а п т а :

" в " т а р м а ғ ы н д а :

"оның ішінде," деген сөздерден кейін "ақыл-ой кемістігінің жеңіл дәрежесіне жетпейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - б а п т а :

түсіндірме мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"түсушілерде айқын емес генездің гипоманиакалдық және субдепрессивтік ахуалы алғаш рет анықталған жағдайда "б" тармағы бойынша қорытынды шығарылады";

5 - б а п т а :

" в " тармағына түсіндірмеде:

"психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ электроэнцефалографияның (бұдан әрі - ЭЭГ) деректерімен расталған жалпы мисипатының өзгерістері түріндегі" деген сөздер "және психодиагностикалық және психофизиологиялық тексерулердің нәтижелерімен, ал мүмкін болғанда - орталық нерв жүйесінің функционалдық жағдайын, ЭЭГ, экзогенді-органикалық модель бойынша тексерудің басқа да әдістерімен расталған кейбір когнитивтік функциялардың (есте сақтаудың, пайымдаудың, қорытынды жасаудың, түсінудің, көңіл аударудың, ойланудың) бұзылуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - б а п т а :

" б " тармағына түсіндірмеде:

"дәрежесіне" деген сөз "сатысына" деген сөзбен ауыстырылсын, "қайталама" деген сөз алынып тасталсын;

7 - б а п т а :

" б " тармағына түсіндірмеде:

"патологиялық реакциялары," деген сөздерден кейін "психодиагностикалық тексерудің деректерімен, объективтік деректермен (қызметтік мінездемелер және тағы басқа), сондай-ақ туыстарының, қызметтестерінің айтулары бойынша анамнез деректерімен расталған" деген сөздермен толықтырылсын;

" в " тармағына түсіндірмеде:

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"объективтік деректермен (қызметтік мінездемелер және тағы басқа), сондай-ақ туыстарының, қызметтестерінің айтуы бойынша анамнез деректерімен " деген сөздер алынып тасталсын;

8 - б а п т а :

" в " тармағына түсіндірмеде:

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"ЖБЖЗ" деген сөзден кейін "және бейімділік мүмкіндіктері төмен жеке адамның өзіне-өзі қол жұмсауы" деген сөздермен толықтырылсын;

10 - б а п т а :

" г " тармағында:

Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің III, IV графалары бойынша " орналасушылар " с а н а т ы н д а :

"жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздер "жарамсыз" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

т ү с і н д і р м е д е :

а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"құжаттармен," деген сөздерден кейін "дәрігерлік бақылаулармен, сіңір

тартылуы талмаларының мән-жайлары туралы актілермен" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1 - б а п т а :
т ү с і н д і р м е д е :
с е г і з і н ш і а б з а ц т а :

"тексеруден кейін" деген сөздерден кейін "кемінде 6 айдан соң" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакциядағы сөздермен толықтырылсын: "д" тармағы бойынша куәландырылған қызметке орналасушылар емделгенге дейін (кемінде 6 ай) жарамсыз";

1 2 - б а п т а :
т ү с і н д і р м е д е :

жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"д" тармағы бойынша куәландырылған қызметке орналасушылар емделгенге дейін (кемінде 6 ай) жарамсыз";

1 6 б а п т а :
" б " т а р м а ғ ы н д а :

"жарамсыз" деген сөз "уақытша жарамсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :
т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"кемінде 58 кг" деген сөздерден кейінгі "әйелдер үшін 54 кг" деген сөздер "дене массасының индексі (бұдан әрі - ДМИ) кемінде $18,5 \text{ кг/м}^2$ " деген сөздермен ауыстырылсын;

б е с і н ш і а б з а ц т а :
"салмағы кемінде 51 кг (әйелдер үшін 47 кг)" деген сөздер "кемінде $18,5 \text{ кг/м}^2$ ДМИ" деген сөздермен ауыстырылсын;

т о ғ ы з ы н ш ы а б з а ц т а :

"аз ғана қалыс қалушылық" деген сөздерден кейін "2 см-ге дейін өсуде, кемінде $18,5 \text{ кг/м}^2$ ДМИ" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің I, III, IV графаларына жатқызылған қатардағы және басшы құрам адамдары лауазымдардан II графа бойынша лауазымдарға ауысқан кезде мыналар міндетті түрде ескерілсін: бойы кемінде 170 см (әйелдер үшін 165 см)";

2 0 - б а п т а :
т ү с і н д і р м е д е :

жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әйелдерде қан сарысуындағы темір көрсеткіштері қалыпты болып, қанында кемінде 115 г/л гемоглобин болған жағдайда жарамды деп танылсын";

2 2 - б а п т а :

" в " т а р м а ғ ы н д а :

I графа бойынша "қатардағы және басшы құрам адамдары" санатында:

"бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды" деген сөздер "саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздермен ауыстырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :

" б " т а р м а ғ ы б о й ы н ш а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"хирургиялық емдеудің" деген сөздерден кейін "сыртқы тыныс алу функциясының шамалы бұзылуы бар радикалды хирургиялық операциялар (сол жақ өкпенің бөлшегін, не болмаса екі сегменттің, оң жақ өкпенің екі сегменттен а с т а м ы н

а л у) " ;

" в " т а р м а ғ ы б о й ы н ш а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"хирургиялық емдеудің зардаптары бар" деген сөздерден кейін ", жақсы клиникалық нәтижесі және сыртқы тыныс алу функциясының шамалы бұзылуы бар немесе бұзылмаған өкпенің шеткі немесе үнемді резекциялары (сол жақ өкпенің бір сегментті немесе оң жақ өкпенің екі сегменті)" деген сөздермен толтырылсын;

2 4 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

" б " т а р м а ғ ы б о й ы н ш а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"жетіспеушілігі" деген сөзден кейін ", жиі (жылына 2 және одан да көп) және ұзақ (2 айдан астам) асқынулары бар" деген сөздермен толықтырылсын;

2 7 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"II сатыдағы гипертониялық аурудың біртіндеп жазылуы, қатардағы және басшы құрам адамдарының сәтті емделуі және еңбекке жарамдылығының сақталуы кезінде "б" тармағы бойынша бейбіт уақытта саптан тыс қызметке жарамды, жасына және орындайтын жұмысының ерекшелігіне байланысты барлық графалар бойынша соғыс уақытында I дәрежелі шектеулі жарамды деп тануға болады";

3 0 - б а п т а :

" в " тар ма ғы н да :

"І графа бойынша қатардағы және басшы құрам адамдары" санаты: саптан тыс қызметке бейбіт уақытта жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды" деген сөздер "саптағы және саптан тыс қызметке жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздермен ауыстырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :

" б " тар ма ғы бой ын ша :
е к і н ш і а б з а ц т а :

"созылмалы" деген сөзден кейін "тас байланулық емес және тас байланулық" деген сөздермен толықтырылсын;

" в " тар ма ғы бой ын ша :
б і р і н ш і а б з а ц т а :

"созылмалы" деген сөзден кейін "тас байланулық емес және тас байланулық" деген сөздермен толықтырылсын;

3 1 - б а п т а :

" в " тар ма ғы н да :

І графа бойынша "қатардағы басшы құрам адамдары" санатында: "саптан тыс қызметке бейбіт уақытта жарамды, соғыс уақытында бірінші дәрежелі шектеулі жарамды" деген сөздер "саптағы және саптан тыс қызметке жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 4 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

" б " тар ма ғы бой ын ша :

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жатырды қосымшасымен қынап үстілік кесіп тастау осы баптың "б" тармағы бойынша қарастырылады";

" в " тар ма ғы бой ын ша :

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жатырдың қосымшаларын қалдыра отырып қынап үстілік кесіп тастау эндокриндік бұзылушылықтар болмаған кезде осы баптың "в" тармағы бойынша қарастырылады";

" г " тар ма ғы бой ын ша :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"емдеуден кейінгі жағдайларда жатады" деген сөздерден кейін "шектелген перитониті бар соқырішекте, вентралды жарықтардың жарық пластикалары, кіндік, шап, сан жарықтарын қыса отырып алып тастау операцияларынан кейін

кемінде 6 ай; соқырішек, жарық құрамындағыларды қыспайтын жарық пластикалары операцияларынан кейін кемінде 3 ай" деген сөздермен толықтырылсын;

3 5 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

" в " тар ма ғы бой ын ша :

екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"нервологиялық симптоматика және психиканың бұзылуы болмаған жағдайда клиникалық байқалулары бар бас сүйегі дамуының кемістігі мен аномалиясы (шақша бас, платибазиялық импрессиялар, макро-, микроцефалия және тағы басқа)";

3 6 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

" б " тар ма ғы бой ын ша :

б е с і н ш і а б з а ц т а :

"омыртқа дискілерін" деген сөздерден кейін ", жарықтарды" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

" г " тар ма ғы бой ын ша :

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"омыртқа доғаларының" деген сөздерден кейін "жалғыз Шморль жарықтарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3 8 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

" б " тар ма ғы бой ын ша :

"қызметтерінің орташа бұзылуы бар" деген сөздерден кейін ", омыртқаның мойын бөлігіндегі қызметінің орташа бұзылуы бар туа біткен бұлшық етті қисық мойын" деген сөздермен толықтырылсын;

" в " тар ма ғы бой ын ша :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"органдар қызметтерінің аз ғана бұзылуы бар кеуде клеткасының туа біткен дефектілері" деген сөздерден кейін ", омыртқаның мойын бөлігіндегі қызметтің орташа бұзылуы бар туа біткен бұлшық етті қисық мойын" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

" г " тар ма ғы бой ын ша бірінші абзацта:

"буындар қызметінің болуы жоқ Шлаттер ауруы" деген сөздерден кейін ", омыртқаның мойын бөлігі қызметінің бұзылуы жоқ туа біткен бұлшық етті қисық мойын" деген сөздермен толықтырылсын;

4 0 - б а п :

мынадай редакцияда жазылсын:

"Туа біткен қисаю немесе қысқартылған аяқ-қолдар, сондай-ақ ауру немесе сүйектерге, шеміршектерге, бұлшық еттерге, сіңірлерге және буындарға зақым келтіру салдарынан пайда болған қисаю және қысқартылған аяқ-қолдар";

т ү с і н д і р м е д е :

"а", "б", "в", "г" тармақтары бойынша:

"қысқаруымен ортан жілік мойнының варустық деформациясы" деген сөздер "қысқаруы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"б", "в" тармақтары бойынша:

"жіліншіктің екі сүйегінің бірдей сынығының салдарынан" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"г" тармағы бойынша:

"аяқтың" деген сөзден кейін "1 см-ден" деген сөздермен толықтырылсын;

4 9 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

", сүт безінің" деген сөздер алынып тасталсын;

"в" тармағы бойынша:

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"өскіндері," деген сөзден кейін "геникомастия," деген сөзбен толықтырылсын ;

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"осы тармаққа ер адамдардың сыртқы жыныстық органдарының фондық жағдайын және олардың ісік алды ауруларын: жұмыртқаның артофиясын, дисплазиясын, гипо-, гиперплазиясын; хирургиялық емдеуді қажет ететін фиброма жылауығының және жұмыртқаның, шәует бауының және ұманың басқа да сапалы туындауларын";

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"көптеген сүйелдік және пигменттік невустер" деген сөздер алынып тасталсын;

5 0 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

"г" тармағы бойынша:

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"аяқ басы сыртының аз ғана ісінуі;" деген сөздерден кейін "операциялардан, мертігулерден және қан айналымының және оның функциясының толық қалпына келтірілген басқа да ірі магистралдық тамырлардың зақымдарынан кейін зақымданулар, операциялар кезеңінен кемінде 1 жылдан кейінгі; шеткі тамырларға жасалған операциядан кейін кемінде 6 айдан және қолайлы сараптау болжамы бар склеротерапиядан кемінде 2 айдан кейінгі" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзац алынып тасталсын;

5 4 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

" в " т а р м а ғ ы б о й ы н ш а :

бірінші абзацта: "сондай-ақ қабынуы мен бұрын іріңдіктердің жарылу белгілерінсіз эпителийлік құйымшақ жолдары" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қабыну мен бұрын іріңдіктердің жарылу белгілерінсіз эпителийлік құйымшақ жолдарының болуы осы бапты қолдану үшін негіз болып табылмайды";

6 3 - б а п т а :

" б " т а р м а ғ ы н д а :

Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің III, IV графалары бойынша " орналасушылар" санатында: "жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздер " жарамсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

6 4 - б а п т а :

" в " т а р м а ғ ы н д а :

"қатардағы және басшы құрам адамдары" санатында: "әскери қызметке жарамды" деген сөздер "саптағы және саптан тыс қызметке жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздермен ауыстырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :

"а" тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"а" тармағына тек осы бапта көрсетілген ушығулары бар созылмалы іріңді мезотимпанит ауруы ғана емес, сондай-ақ асқынусыз (еңбек қабілетін жоғалтумен ере жүретін жылына 2 және одан да көп рет ушығуы) мезотимпаниттік қолайсыз ағымдағы аурулар да жатады";

"б" тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"б" тармағына сондай-ақ айқын көрінетін гипертрофиялық мұрын қабығының қабынуымен, созылмалы іріңді немесе мұрын жанындағы қойнаулардың полипоздық ауруларымен ере жүретін дабыл жарғағының екі жақты құрғақ тесілуі жатады";

6 5 - б а п т а :

"қатардағы және басшы құрам адамдары" санатында:

"саптағы немесе саптан тыс қызметке жарамдалығы жекелей анықталады" деген сөздер "әскери қызметке жарамды" деген сөздермен ауыстырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Бап" деген сөзден кейін "созылмалы жалқықты ортаңғы құлақтың

қабынуларын," деген сөздермен толықтырылсын;
төртінші абзацта: "лауазымдарда жұмыс істеуге" деген сөздерден кейін ",
ұшақта жиі ұшумен байланысты қызметке" деген сөздермен толықтырылсын;
бесінші абзацта: "шамалы зиян шеккен" деген сөздер "зиян шекпеген" деген
сөздермен ауыстырылсын;

6 9 - б а п т а :

"г" тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"сыбыр сөзді екі құлақпен 2 метрден 4 метрге дейінгі арақашықтықта
қабылдау кезінде есту қабілетінің тұрақты төмендеуі";

т ү с і н д і р м е д е :

мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:
"Бап этиологиясына қарамастан құлақ мүкістігінің барлық түрлерін
қ а р а с т ы р а д ы " ;

төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің II графасына жатқызылған
лауазымға қызметке орналасушылар және оқу орындарының күндізгі оқу нысаны
бойынша оқуға түсушілер сыбыр сөзді екі құлақпен де кемінде 6 метр жерден
қабылдауы тиіс";

7 1 - б а п т а :

" б " тармағында :

Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің II графасы бойынша " орналасушылар" санатында "жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздер " жарамсыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :

" б " тармағы бойынша :

бірінші абзацта: "сирек асқынулары бар" деген сөздер "сонымен қатар,
ойдағыдай аяқталуы бар жедел емдеуден кейінгі (арудың клиникалық белгілері
мен асқынулары болмаған кезде операциядан кейін бір жылдан соң) полипоздық
және іріңдік синуситтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"созылмалы іріңді және полипоздық, синуситтік жиі асқынулары бар (жылына 1 рет) мұрынмен тыныс алуы бұзылмаған, еңбекке қабілеттілігін жоғалтпаған қатардағы және басшы құрам адамдарын куәландыру осы тармақ бойынша жүргізіледі";

7 5 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

бірінші абзацта :

"афония" деген сөз "дисфония" деген сөзбен ауыстырылсын, "гипертониялық
" деген сөз алынып тасталсын;

а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"орташа" деген сөз "шамалы" деген сөзбен ауыстырылсын;

8 2 - б а п т а :

"б" тармағында: Аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің I графасы бойынша "орналасушылар" санатында:

"жарамсыз" деген сөз "жарамдылығы жекелей анықталады" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

т ү с і н д і р м е д е :

" б " т а р м а ғ ы б о й ы н ш а :

"қанағаттанарлық емдеуден кейін" деген сөздер "оларды ойдағыдай емдеу кезіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 2 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"аурулар мен ағза кемшіліктері кестесінің I графасы бойынша куәландырылатын оқуға түсетін азаматтардың коррекциясы бар көру өткірлігі және көретін көзінде 1,0-ден, нашар көзінде 0,6-дан төмен болуы тиіс. Егер кез келген көзде 3,0 диоптриядан жоғары жақыннан немесе алыстан көрмеушілік немесе басты екі меридиандардағы рефракциялардың 2,0 диоптриядан жоғары кез келген түрдегі астигматизм анықталса, олар оқуға түсуге жарамсыз деп танылады";

9 3 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өте жақсы көретін көздің басты меридиандарының бірінде қызметке орналасушының кез келген түрдегі рефракциясы 6,0 Д-дан жоғары болған кезде жарамсыз болып табылады. Нашар көретін көзге рефракция аномалиясының ешқандай шегі қойылмайды, тек қана кез келген ауыспалы коррекциясы бар көру өткірлігі ғана ескеріледі".

9 4 - б а п т а :

т ү с і н д і р м е д е :

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"II графа бойынша куәландырылатын қатардағы және басшы құрам адамдары қызметке жарамсыз деп танылады (қызмет бойынша ауысуы кезінде)";

106-бапта: түсіндірме мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"21 жасқа дейінгі әйел адамдарда овариалдық-менструалдық функцияның бұзылуы болмаған кезде жатырдың гипоплазиясы осы бапты қолдану үшін негіз болмайды";

107-бап: "және сүт бездері" деген сөздермен толықтырылсын;

т ү с і н д і р м е д е :

" б " т а р м а ғ ы б о й ы н ш а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"б" тармағына хирургиялық емдеуді қажет ететін жана өзгерістер клиникалық байқалулары жоқ 7 апталық жүктіліктен 11 апталық жүктілікке сәйкес көлемі бар жатыр миомдары; бартолин безінің жылауығы, жылауықтар, фибромалар және басқа да симптомы жоқ қынаптың сапалы ісіктері жатады";

е к і н ш і а б з а ц :

", сондай-ақ сүт безінің фондық ахуалы және ісік алдындағы аурулары: сүт безінің дисплазиясы, атипикалық гиперплазиясы; фибромалар, аденомалар, фиброздық-жылауықтық мастопатиялар";

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"мен фибромаларын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ басқа да қатерсіз ісіктерін" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлеріндегі медициналық куәландыру (бейбіт және соғыс уақытына) ережелеріне 20-қосымша осы бұйрыққа қосымшамен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры Қ.Б.Өскенбаевқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р М и н и с т р і н і ң
2 0 0 4 ж ы л д ы ң 1 0 а қ п а н ы н д а ғ ы

N 99 бұйрығына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р М и н и с т р і н і ң
1 9 9 8 ж ы л д ы ң 2 4 ж е л т о қ с а н ы н д а ғ ы
N 4 7 0 б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л г е н
Ережеге N 20 қосымша

Әскери-дәрігерлік комиссияның атауы

Қорытынды N _____

Психологиялық зерттеу нәтижесі

Үміткер _____

(тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы)

